

**Кезектен тыс педагогикалық кеңес
№5 хаттамасы**

«04» маусым 2024 ж

Қатысқандар-10

Директор – 1

Әдіскер – 1

Педагогтар – 2

Тәрбиешілер – 6

Күн тәртібінде

1. «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының тәрбиелеу мен оқыту қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу туралы.

Жауапты: меңгеруші Мақсұтова С.Н.

2. «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыс жоспарымен таныстыру.

Жауапты: әдіскер Ермуханова Ж.С.

Сөйледі: «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының тәрбиелеу мен оқыту қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу туралы.

Тыңдалды: Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі С.Н. Мақсұтова сөз алып қатысушы педагог қызметкерлерді күн тәртібіндегі мәселемен және балабақша басшылығының 2024 жылғы 04 маусымдағы «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының тәрбиелеу мен оқыту қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу туралы туралы №6 бұйрығымен таныстырып өтті.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының 59 бабының 4-1 тармағына «Білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметіне өзін-өзі бағалауды жүргізеді және өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға және ҚР - ның Жоғарғы Сотына ұсынады» сәйкес, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің

2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту» туралы және Білім және Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» туралы бұйрықтарын

басшылыққа ала отырып, өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізіп балабақшаның интернет ресурстарына жариялап, қорытындысы мен сілтемесін білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне жолданатындығы туралы мәлімдеді. Осы нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, балабақша басшылығының 2024 жылғы «04» маусымдағы №6 бұйрығына сәйкес, 08-30 маусым аралығында бөбекжай-бақшасының тәрбиелеу мен оқыту қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілетіндігі туралы хабарлады.

Сөйледі: «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмысының жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды: Бөбекжай-бақшасының әдіскері Ж.С. Ермуханова сөз алып, нұсқаулыққа жән ережеге сәйкес өзін-өзі бағалау жұмыстарының жүргізілу ретімен таныстырып, 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдары бойынша қажетті құжаттарды жинақтау, топтардағы дамытушы ортаның жалпы балабақша туралы нақты мәліметтермен қамтылған бейнебаяндар даярлау туралы нақты тапсырмалар берді және балабақша басшылығының (№6 04.06.2024ж) бұйрығымен бекітілген, өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізетін комиссия құрамымен сонымен қатар жұмыс жоспарымен таныстырды.

Шешім:

1. «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмысы жоспары бекітілсін.
2. 2024 жылдың 08 – 30 маусым аралығында «Ай-Жұлдыз» бөбекжай-бақшасында тәрбиелеу мен оқыту қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілсін.
3. Қорытынды тұжырымдама балабақшаның педагогикалық кеңесіне ұсынылсын.

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:



Мақсұтова С.Н

Забиева С.Т.

**Кезектен тыс педагогикалық кеңес
хаттамасы №6**

«31» маусым 2024 жыл

Қатысқандар-10
Директор – 1
Әдіскер – 1
Педагогтар – 2
Тәрбиешілер – 6

Күн тәртібінде

1. Балабақшаның тәрбиелеу мен оқыту қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау қызметінің қорытындысы.

Жауапты: комиссия мүшелері

Сөйледі: Балабақшаның тәрбиелеу мен оқыту қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау қызметінің қорытындысы.

Тыңдалды:

Кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңес отырысын бөбекжай-бақша меңгерушісі С.Н. Масұтова сөз алып, қызметкерлерді күн тәртібіндегі мәселемен таныстырды. Балабақша басшылығының 2024 жылғы «04» маусымдағы №6 бұйрығына және жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылдың 08 – 30 маусым аралығында бөбекжай-бақшаның тәрбиелеу мен оқыту қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгендігі туралы айтып, сөз кезегін комиссия мүшелеріне жолдады.

Әдіскері Ж.С. Ермуханова сөз алып, ағымдағы жылдың 08 – 30 маусым аралығында бөбекжай-бақшаның тәрбиелеу мен оқыту үрдісіне өзін-өзі бағалау жұмыстарының нәтижесін мәлімдеді. 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдары бойынша барлық құжаттар жинақталып (базистік оқу жоспары, күн тәртібі, перспективалық жоспар, (мамандарды қоса алғанда) ҰОҚ кестесі, ҰІӨ кестесі, апталық циклограмма, өтпелі тақырыптар, балалардың жеке даму картасы, педагогтардың жұмысы (жылдық жұмыс жоспары) рухани жаңғыру бойынша жұмыс жоспары мен өтілген шаралар, варитаивтік компонент, педагогтардың сапалық құрамы, курстан өту деңгейі, біліктілік дипломдары) және тұжырымдама дайындалды. (тұжырыммен таныстырылып өтті). Бөбекжай-бақшаның жалпы жай- күйі, материалдық базасы мен оқу – тәрбие үрдісінің жүргізілуі жөнінде бейнебаян түсіріліп,

көрсетілді. Бөбекжай-бақшаның құрылтай құжаттары, балалар контингенті сайтқа интернет ресурстарына жүктеуге даярланды.

Келесі оқу жылына педагогтардың біліктілік санаттарын арттыру жұмыстарын жан-жақты жетілдіріп, сапалық құрамды көтеру, педагогикалық жұмыс үрдісіне озық технологияларды енгізу жұмыстарын жүргізуге ұсыныс берді.

Тәрбиеші Д.А. Сисенбекова (комиссия мүшесі) сөз алып, комиссия мүшелері ағымдағы жылдың 08 – 30 маусым аралығында бөбекжай-бақшаның оқу – тәрбие қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын атқарғандығы туралы баяндады. Барлық қажетті құжаттар жинақталды. Қорытынды тұжырым жасақталды. Барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарға сәйкес өткізілді. Өткізу деңгейлері жақсы. Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысулары, сұрақтарға толық жауап беру көрсеткіштері өте жақсы. Бөбекжай-бақшаның жалпы бейнесін сомдаған бейнебаян жақсы жан-жақты түсірілген. Барлық жинақталған материалдарды бөбекжай-бақшаның интернет – ресурсына жариялауға ұсыныс берді.

Тәрбиеші Д.Б. Бабашева (комиссия мүшесі) сөз алып, өзін-өзі бағалау жұмысына комиссия мүшесі ретінде қатысып әріптестерімен бірлесіп жұмыс жүргізгендігін айтты. Бөбекжай-бақшаның материалдық базасы, топтардағы дамытушы орта туралы бейнебаяндары әлеуметтік каналына жүктеу жұмысы жүргізіліп аяқталды. Қорытынды тұжырым жасақталды. Келесі оқу жылында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жұмыстарын жүргізуге, топтардағы дамытушы орта материалдарын арттыруға ұсыныс берді.

Шешім:

1. Бөбекжай-бақшаның оқыту мен тәрбиелеу қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қорытынды тұжыры және барлық жинақталған құжаттар, дамытушы орта және материалдық база туралы бейнебаяндар бөбекжай-бақшаның интернет – ресурсына жариялансын.
3. Материалдардың жарияланғандығы туралы Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесіне қызметтік хат жолдансын.

Кенес төрайымы:

Кенес хатшысы:



Максұтова С.Н.

Забиева С.Т.